

Шарипов Ш.М.
**Елбасы – сот-құқықтық
реформалардың салықалы
жетекшісі**

Sharipov Sh.M.
**The President – the guarantor of
judicial legal reform**

Шарипов Ш.М.
**Президент – гарант судебной
правовой реформы**

Мақалада Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы саяси, әлеуметтік, экономикалық даму бағыттарымен қатар тыныш, бейбітшілік өмір сүруге бағытталған сот билігінің, құқық қорғау жүйесінің қалыптасуы әрі жетілуі, онда ҚР Президентінің алатын рөлі нақтыланады.
Түйін сөздер: құқық, сот, сот жүйесі, мемлекет, президент.

In article positive experience and achievements in regional asthmas of the organization of judicial authority and law- enforcement system of the Republic of Kazakhstan are stated. Carrying out legal reforms is especially noted a role of the Head the State in the organizations also.
Key words: Right, the court, the judicial system, the State President.

В статье изложены положительный опыт и достижения в области организации судебной власти и правоохранительной системы Республики Казахстан. Особо отмечена роль Главы государства в организации и проведении правовых реформ.
Ключевые слова: Право, суд, судебная система, государство, президент.

**ЕЛБАСЫ –
СОТ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
РЕФОРМАЛАРДЫҢ
САЛИҚАЛЫ ЖЕТЕКШІСІ**

Егемен ел, тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықтың ішінде тұғыры биік, беделі асқақ елу елдің қатарына енген Қазақстан Республикасының даму үдерісі бүгінгі таңда зерттеп-зерделеуге тұрарлық феноменге айналды. Ал мұның өзі Мәңгілік Ел Концепциясына негіз екендігі айдан анық. Өйткені әлемдік бәсекелестікке қабілетті қазақ елі мәңгілік келешекке құқылы деуге толық негіз бар.

Сонау, 1990 жылдың қазанында-ақ «Тәуелсіздік туралы» Декларацияда мемлекеттілікті құруда билікті ұйымдастырудың өркениетті жолы таңдалған болатын. Яғни біртұтас мемлекеттік биліктің үш тармақтан тұратындығы, олардың өзара тепе-теңдік пен тежемелік жүйесінде іс-қимыл жасайтындығы айқындалып, кеңес дәуірінен өткен органдарды, соның ішінде сот және құқық қорғау органдарын да біртіндеп реформалау (жаңалау) үдерісі басталды.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары Қазақ ССР-інің 1978 жылғы Конституциясы және оған негізделіп қабылдаған заңдары әлі де қолданыста жүрді. Сондықтан да бұл кезең «өтпелі» деп аталды.

Атауы мен мәртебелері 1991 жылы 16 желтоқсандағы «ҚР Тәуелсіздігі туралы» заңымен нақтыланған қазақ мемлекетінің тұңғыш Ата Заңы – Конституциясы қабылданды.

Өтпелі кезеңнен тұрақтылыққа, бағдарлы дамуға бетбұрыс – 29. 04. 1990 жылы Қазақстанды президенттік басқару нысанындағы мемлекет етумен түбегейлі ұштасып, оның өзі Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде кезең-кезеңді дамуына өте-мөте оңтайлы да пайдалы әсерін тигізетіндігіне куә ұрпақ бүгінгі таңда оның жемісіне де ортақ болып отырғаны елге ғана емес, әлемге әйгілі.

Тәуелсіздік таңынан күні бүгінге дейін елді дамытудың басқа да, яғни саяси, әлеуметтік, экономикалық бағыттарымен қоса, оның тыныштық, бейбітшілік өмірін қамтамасыз ету үшін қызмет ететін сот билігін, құқық қорғау жүйесін қалыптастыру мен жетілдіруде салықалы саясаттың негізін қалаушы – тұңғыш Президентіміз бұл жүйелерді реформалаудың әр кезеңіндегі идеялар мен нақты істердің локомативі болды десек, асыра айтқан болмаймыз.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тиімді қорғау мен қамтамасыз ету демократиялық, құқықтық, әлеуметтік мемлекеттің басты міндеттерінің қатарына қойылды.

Мемлекет басшысы басқарған 1994 жылғы құқықтық реформаның аясында, 1995 жылы 30 тамызда жалпы елдік референдуммен еліміздің негізгі заңы – Конституциясы қабылданды. Осы үдеріс құқықтық жүйені нақтылап, оның негізгі жолдарымен бағыт-бағдарларын айқындады.

1995 жылғы конституциялық реформа сот жүйесін біркелкілендіріп, соттардың тәуелсіздігін, оны қамтамасыз ету кепілдіктерін бекітіп, құқық қорғау жүйесінде функцияларды нақтылау мен органдарға бөліп тапсыру мәселелерін шешті.

Атап айтқанда, қылмыстарды тергеу функциясы сот пен прокуратурадан бөлініп, дербес орган, сол кезде құрылған тергеу комитетіне тапсырылды.

Жаңа нарықтық-экономикалық қатынастардың туындысы ретінде, сол кезде салық (қазір қаржы) полициясы құрылды. Кеден органдары, шекара қызметі қалыптасты.

Мемлекет аумағында заңдылық режимін қамтамасыз ету функциясы тапсырылған прокуратура органдары да жанартылды.

Дамудың әр кезеңінде атқарылуға тиісті сұраныстардың іске асуына байланысты, реформа бағыттарын коррекциялау, нақтылау орын алып жатты.

Бір кез сот жүйесін біркелкілендіру мақсат етілсе, заман талабына сай бара-бара сотты мамандандыру етек ала бастады. Дәл осы үдеріс құқық қорғау жүйесінде де тиімді әсерін тигізді. Қазір прокуратура органдары, полиция, т.б. мамандандырудан өтті.

Сот әділдігін алқабилер құрамында іске асыру үдерісі 1998 ж. Ата Заңға енгізілген өзгерістермен ұштасты.

Алғаш көптеген пікірталастар туғызған бұл жаңалық қазір сот өндірісінің құрамдас, сабақтас бөлігі болып саналуда.

Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің санаты белгіленіп, сот әділдігін халық өкілдерінің қатысуымен жүргізу тәжірибесі оңтайлы қалыптасып қалды.

Демократиялық, құқықтық мемлекетті құруда сот және құқық қорғау жүйесін өркениетті дамытудың рөлі орасан зор.

2010-2020 жылдарға арналған, Елбасының арнайы Жарлығымен мақұлданған «Құқықтық саясаттың тұжырымдамасының» бағдарламасы кезең-кезеңімен іске асуда.

Сот және құқық қорғау жүйесін, заң шағару үдерісін жетілдіру тұстары Елбасының жыл сайынғы халқына жолдаған Жолдауларында кеңінен қарастырылып, дамудың нақты іс-шараларымен қамсыздандарылып келеді.

Реформаның әр кезеңінде судьялар мен құқық қорғау органдары өкілдерінің сапасын жақсарту ұдайы жүргізіліп тұрды. Оларды аттестациядан өткізу, біліктілігін көтеру, бұл бағыттағы әлемдік алдыңғы қатардағы тәжірибені пайдалану оңтайлы әсерін тигізгені хақ.

Нарықтық экономиканың салғырт бір тұсы – жемқорлықпен күреске арналған ТМД елдері ішінде тұңғыш боп Қазақстан заң қабылдады.

Бұл мақсат тек мемлекеттің ғана емес, ел мүддесіне айналды. Қазір жемқорлық пен күресте қоғамның үлесі зор. «Нұр Отан» ХДП басшылығында, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялар т.б. азаматтық қоғам институттарының белсенділігі артып, сәйкесінше нақты іс-шаралардың нәтижелері айқын. Соның арқасында азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі принципі нақты іске асуда.

Қоғамдық қатынастарды, өмірдің әр саласын құқықпен реттеу өркениетті жетіліп келеді.

Қылмысқа қарсы мемлекеттің саясаты да ізгілендіру, қылмыстық процесті демократияландыру, құқықты қорғау сияқты құндылықтармен ұштасуда. Бұл тұста жазалаудан гөрі қылмыстылықтың алдын алу (профилактикалау), декриминализациялау, татуластыру процедураларын қолдану, гуманизациялау, т.с.с. іске асуда.

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік билікті ұйымдастыруда өркениетті жетістіктерді пайдаланумен қатар, өз тәжірибемізді де қалыптастыру үдерісі жүріп жатты.

Биліктің дәстүрлі үш тармағынан тыс, тек Президентке ғана есеп беретін органдардың легі құрылды. Олардың қатарында Конституциялық Кеңес, Есептеу Комитеті, Прокуратура, Ұлттық Қауіпсіздік және экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес жүргізу органдары қалыптасты.

Осылайша конституциялық ұйғарымға сай, билікті ұйымдастыруда тежемелік институттар құрылып, мемлекет басшысының билік органдарының өзара келісімде, тепе-теңдіктерін сақтай отырып, іс-қимыл жасауын қамтамасыз етуіне қажетті тетіктер ойластырылды. Ал мұның өзі билікті қалыптастыру әдісінде қазақстандық феноменге айналды десек дөп түскендікті білдіреді.

Бүгінгі таңда қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тұстары әлемдік бағыттарға лайық етілді. Қазақстандық заңнаманы қалыптасты-

ру, жетілдіру сәйкесінше жүргізілуде. Ал оған құқықтық негіз – Ата Заңымызды реформалауда сәтті жалғасын тапты.

2011 жылы көптен күтілген «Құқық қорғау қызметі» туралы ҚР Заңы қабылданып, мемлекеттік қызметтің осы бір дербес саласы, ерекшеліктеріне сай, арнайы нормативтік құқықтық актімен реттелді. Мемлекеттің қылмыстылыққа қарсы саясаты да уақыт талабына сайланып, жаңа Қылмыстық Кодекс, Қылмыстық іс жүргізу Кодекстері жасалды. Алдағы 2015 жылдан оларды қолдану бастау алады.

Жоғарыда айтылғандай, Елбасының бастамасымен әрі тапсырысымен «Құқық бұзушылықты профилактикалау», «Жеке детективтік қызмет туралы» заңдар дайындалуы тиіс.

Мемлекеттегі тұрақтылықты, ел тыныштығын сақтауда ерекше ден қойылып, Тұңғыш Президентіміздің бастамасымен 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Елімізбен тұрмыс-тіршілігін байланыстырған, ұлттар мен ұлыстардың бірлік-ынтымағын, конфессияаралық келісімді нығайтатын бұл институт өз мақсатын толыққанды ақтап келеді. Тіпті билік органдарын қалыптастыруда белсенді рөл атқаруда.

Елбасының басшылығымен жүргізілген соңғы (2007) Конституциялық реформаға сай, Парламент мәжілісінің тоғыз депутаты Қазақстан халқы Ассамблеясымен сайланады.

Кеңес дәуірінің кезінде «халықтар лабораториясы» аталған Қазақстан, қазақ халқы тамыры терең тартқан «адам сүйгіштік, қонақжайлық» қадірқасиетін, салт-дәстүрін тәуелсіздік жылдары сақтап қана қоймай, одан әрі сәтті жалғастырып келеді.

Елбасының осы бір стратегиялық бағыттағы саликалы саясаты қазақстандық феномен ретінде әлемдік кеңістікте зерттеліп, басқаларға үлгі болып тұрғаны бүгінгі кезеңнің дәлелі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қоғам мүшелерінің теңдігін, еркіндігін қамтамасыз етіп, дамып-өркендеуіне толық мүмкіндік жасап отыр.

Осы орайда айта кететін бір тұсы, әуел баста Ассамблея құрылғанда «Қазақстан халықтарының» деп көпшілік мағынада атаса, Елбасының кеменгер көрегендігімен кейін «халқының» деп жекеше мағынада өзгертілуі халықтың бірлігі, біртұтастығын одан әрі нақтылай түсті.

Жоғарыда аталғандарды қорыта келе, мынадай дәлелді тұжырымдарды жасауға толық негіз бар:

Тарихи қысқа кезеңде, егемендігімен қалыптасудан бастау алған Қазақстан Республикасы, ұлт Көшбасшысының кеменгер саясатының нәтижесінде дамыған елу мемлекеттің қатарына қосылып, ұланғайыр жетістікке жетті. Әлемдік бәсекелестікке қабілетті қазақ елі мәңгілік келешекке құқылы деуге толық негіз туындады. Сондықтан Мәңгілік Ел Концепциясы дамудың әрі қарайғы бағдарламасы болуы заңды құбылыс.

Тәуелсіз қазақстандық мемлекеттілікті құруда елдің тұңғыш Президенті басшылық жасаған құқықтық реформалар әркез сәтті жүргізіліп, оған әлемдік оңтайлы жетістіктермен санасумен қатар, өзіндік дара феномендік мәртебеге лайық тәжірибе де жасалды.

Қоғам өміріндегі құқықтық қайшылықтарды, әлеуметтік дау- дамайларды өркениетті жолмен «құқықтық кеңістікте» шеше алатын дербес, тәуелсіз сот билігі қалыптасты.

Қоғамның қауіпсіздігін, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге тиесілі, сол үшін Конституция мен заңнамамен «әрекетке қабілетті» етілген құқық қорғау жүйесі ұйымдастырылды.

Адам өмірін, құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін басты құндылықтары ретінде танитын демократиялық құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу мен дамуының алғышарттары түгелдей жасалды.

Құқықшығармашылық өркениетті деңгейде кәсіби заң шығару билігімен (Парламент, мәслихаттармен) сапалы түрде іске асып келеді.

Мемлекет істеріне азаматтық қоғам институттарының тікелей араласуының тиімділігі мен пайдалы әсері дәлелді түрде жалғасуда.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақ ССР Тәуелсіздік туралы Декларациясы». 25.10.1990 жыл.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30.08.1995 жыл.

References

- 1 «Kazak SSR Tauelsizdik turaly Deklaracijasy». 25.10.1990 zhyl.
- 2 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy, 30.08.1995 zhyl.